

# **МУХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ**

Халықаралық ғылыми-теориялық конференция

материалдары

25 қазан, Алматы



Материалы научно-теоретической конференции

## **МУХТАР АУЭЗОВ И МИРОВАЯ ЛИТЕРАТУРА**

25 октября, Алматы



Materials of the Scientific-Theoretical Conference

## **MUKHTAR AUEZOV AND WORLD LITERATURE**

25 October, Almaty

2018

ӘЛ-ФАРАБИ АТЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ  
КАЗАХСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ ИМЕНИ АЛЬ-ФАРАБИ  
AL-FARABI KAZAKH NATIONAL UNIVERSITY

**МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ**

Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары  
25 қазан, 2018

Материалы научно-теоретической конференции  
**МУХТАР АУЭЗОВ И МИРОВАЯ ЛИТЕРАТУРА**

25 октября, 2018

Materials of the Scientific-Theoretical Conference  
**MUKHTAR AUEZOV AND WORLD LITERATURE**

25 October 2018

Қазақ университеті  
Алматы, 2019

Баспаға әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті филология және әлем тілдері факультетінің Ғылыми кеңесі ұсынған

**Редакциялық алқа:**

ф. ғ. д., профессор **Ө. Әбдиманұлы**, ф. ғ. д., профессор **З-Ғ.Қ. Бисенғали**,  
ф. ғ. д., профессор **З.Н. Сейтжанов**, ф. ғ. д., профессор **А.Б. Темірболат**,  
ф.ғ.к., доцент м.а. **Е.К. Карбозов**

**Жалпы редакциясын басқарғандар:**

ф. ғ. д., профессор **З-Ғ.Қ. Бисенғали**,  
ф.ғ.к., доцент м.а. **Е.К. Карбозов**

**Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті. Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары.** — Алматы: Қазақ университеті, 2019. — 175 б.

ISBN 9965-30-389-4

Жинақта әл-Фараби атындағы ҚазҰУ филология және әлем тілдері факультетінің ұйымдастыруымен 2018 жылдың 25 қазанында өткен дәстүрлі «Мұхтар Әуезов және әлем әдебиеті» халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары жарияланып отыр. Конференциядағы Мұхтар Әуезовтің ұстаздық ғұмырбаяны, ғылыми өрісі жан-жақты қамтылған зерттеу баяндамалар әуезовтанудың қазіргі кезеңдегі өзекті мәселелерін қозғайды. Ұлттық университеттің филология факультетіндегі Әуезов дәстүрі туралы жаңа пайымдаулар жасайды.

Жинақ әдебиеттану мәселелерімен шұғылданып жүрген мамандарға, студенттер мен магистранттарға арналған.

ISBN 9965-30-389-4

© Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ, 2019

## **ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**



**Ш. Шортанбаев,**

*ал-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті*

**Ә. Салықбаева,**

*№148 мектеп-гимназиясының мұғалімі*

### **XX ҒАСЫРДАҒЫ ҚАЗАҚ РОМАНЫНЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ**

Көркем әдебиеттің сан алуан мәселелері, ұлттық сөз өнерінің арғы-бергі тарихы әр қырынан, түрлі концепция тұрғысынан, кезең, мезгіл мінберінен қарастырылып, қадау-қадау еңбектер жазылғаны мәлім. Академик Рымғали Нұрғалидың әдебиет төңірегіндегі еңбектері өз алдына бір төбе, біз ғалымның жүз жылдық тарихы бар көркем прозаның, оның ішінде роман жанрының мәселелерін де көркемдік-теориялық тұрғыдан, рухани-эстетикалық талап деңгейінен зерделеп, жан-жақты қарастырғанын білеміз, оның бірқыдыруы «Толғауы тоқсан қызыл тіл» (2009) зерттеулер жинағына топтастырылыпты.

Ұлт әдебиетінің тарихында тұңғыш роман деген атауға ие болып, күрделі һәм көлемді прозалық туынды ретінде бағаланған шығарманың «Бақытсыз Жамал», ал авторы алаш ұранды поэзияның негізін қалаған, өршіл рухты, күрескерлік пафосты мақсат тұтқан Міржақып Дулатов екені белгілі. Роман туралы алғашқылардың бірі болып пікір білдірген Ахмет Байтұрсынұвтан бастап әр кезең өкілі өзіндік пайым, таным тұрғысынан келіп, тиісінше зерделеп келеді. Өткен ғасыр басындағы әдебиеттің мәселелерін мейлінше қарастырған көрнекті ғалым, академик Рымғали Нұрғали азаттыққа ұмтылған елдің мұратын, қаламгердің қуатын шығармашылық әлеуеті тұрғысынан жан-жақты саралағаны анық. Алаштың алғашқы романының адымын, қаламгердің жанр ретінде орнықтыруға қосқан зор еңбегін, төлбасы ретіндегі талпынысын, жетістігі мен кемшілігін зерттей келе, «шығармаға арқау болған оқиғалар XX ғасыр басында қазақтың кез келген атырабында, кез келген ауылында, кез келген шаңырағында өтуі мүмкін, әркімге таныс, түсінікті, ортақ, етене сипаттары бар, жалпылық мәнді жәйттер. Автор өз тұсындағы әлеуметтік-қоғамдық өмірдің маңызды арналарын адам тағдыры, нақты әрекет, тартыс арқылы көрсетуді мақсат етіп, ой, идеяны ашық публицистикалық түрде емес, бейнелеп, образдар арқылы, көркемдік тәсілдермен береді. Бір сөзбен айтқанда, жазушы таза прозалық шығарма, жанр шарттарын толық қанағаттандыратын туынды жасау талабын ерекше ескерген», – деп тұжырымдайды.

Абай мен Ыбырайдың шағын прозадағы ізденісін өткен ғасыр басындағы кей басылымдар ілгерілетуге талпыныс жасағанымен, кең құлаш сермеуге, дамытып алып кетуге мүмкіндігі де, әлеуеті де жетпегені, ал Міржақыптың талабы өзін-өзі ақтаған, ұлт игілігі үшін жасалған өте маңызды қадам екені айтпаса да түсінікті жайт.

«Роман стилінде таза реалистік проза тіліне лайық, салмақтылық, орнықтылық бар» екенін ескерген зерттеуші «Жазушы ұйқасты, ырғақты, өлеңдетіп отыратын өрнектен бойын мүлде аулақ салған. Тіпті, кейінгі дәуірлердегі туындылардың өзінде кездесе беретін әсірелікке, сөйлемдегі сөздердің орнын ауыстырып жасайтын инверсияға да бармайды. Лексикалық тұрғыдан таза қазақ тілінің байлығы еркін қолданылған», – дей келе, тіл шұбарлауға саналы қарсы тұрғанын, сол кезеңде белең алып тұрған араб, парсы, татар сөздерінің үстемдігінен мақсатты түрде қашқанымен, арагідік орыс сөздерін алаластырып тұратынын да орынды байқайды. Бұл да замананың желі, уақыттың лебі қалай желпитінін ағартып тұрғандай.

Р. Нұрғали алаш әдебиетіндегі шынайы реалистік прозаға жататын, жанрдың еуропалық һәм әдеби-теориялық өлшем-талаптарына сай келетін көлемді «ұлы әңгімелердің» (А. Байтұрсынов) біріне «Қартқожаны» жатқызып, «Бұл қазіргі өлшеммен алғанда ұзақ шығарма емес, 7–8 баспа табақ көлеміндегі шымыр, ықшам, тығыз жазылған дүние. «Бақытсыз Жамал», «Қамар сұлу», «Қалың мал», «Қыз көрелік» қатарлас туындылардағыдай бірде қара сөз, бірде өлең сөз аралас жүретін стиль жоқ. Бастан-аяқ салиқалы, сабырлы, ұстамды проза үлгісі сақталған туынды» екенін саралайды. Алаш идеясын, ұстанымын қолдаған автордың кейіпкерінің өсу жолын, алдына қойған мұратына жету жолындағы табандылығын, күрескерлік рухын «психологиялық тұрғыда сенімді бейнелеуін» қаламгердің роман жолындағы шынайы табысына, суреткерлік шеберлігіне жатқызады. Роман жанрының талаптарын сәтті игерген Жүсіпбек Аймауытов «прозадағы ырғақ, стиль, композиция, көркемдік құрылғыларға ерекше көңіл бөлді. Әсіресе, халық тілінің сан алуан байлығын еркін қолдана отырып, Еуропа, орыс әдебиетіндегі бейне жасау, мінездерді даралау, сезім бұрқағын, ой толғауларды көрсету дәстүрлерін еркін пайдаланды».

Зерттеуші-ғалымның қазақ әдебиетіне тың серпіліс әкелген, сөз саптауы, бітімі бөлек, стилі ерек «Ақбілектің» қаламгердің шығармашылық әлеуетін, авторлық ұстанымын анық байқататын сүбелі шығармасы екендігін нақты мысалдарға, роман сюжетіне жүгіне отырып жүлгелейтініне куә боламыз, қаламгердің «әлеуметтік тартыстар, тарихи оқиғалар, тап-күрестерінің ерекше шиеленісіп соғысқан, ел мойнына салмақ түсіп, жеке адамдар тағдырының ширыққан буынын дәл басады: бұрын айтылған, сарыжұртқа айналған тақырып емес, соны, мүлде тың, тіпті сирек оқиғаларды романға («Ақбілекке») арқау еткенін» мойындаймыз.

Шығарма арқауы Ақбілек әлемін, оның көріп-білген, сезіп-түйген сырларын, сан қилы, талайлы тағдырын сөз еткенімен, жазушы кезең

шындығын, аласапыран уақыттың алмағайып сәттерін терең сездіру орайында түрлі көркемдік амал-шарттарға жүгінетінін, әр буын, түрлі ортаның кескін-кейпін ұтымды суреттейтінін аңғарамыз. Алаш ұранды әдебиеттің білгірі Р. Нұрғалидың романдағы сан тағдырлы кейіпкерлердің сол тұстағы мінез-құлық ерекшеліктерін саралай келе, өз пайымын «кеңес үкіметінің алғашқы жылдарындағы әлеуметтік ой-ағымы, зиялылар ортасындағы сан алуан дағды-салт — бұлардың баршасын, жеріне жеткізбей шолу, көркем түрінде атүсті бейнелегенмен, ықшам, дәлді суреттер, мағынасы терең монолог, диалогтар көп көмбені ашатын кең толғаулар көп сырдан хабардар етеді», – деп жеткізеді.

Қазақ әдебиетінің көркем, мағынасы терең, әлеуметтік мазмұны бай, жанрлық формасы күрделі, ұлт тарихының шерлі шежіресі сипатты туындыларының қатарында Сәкен Сейфуллиннің «Тар жол, тайғақ кешу» романы да барын қайыра бір қаперімізге салып, автордың «ұлы өзгерістердің өзім көрген, өзім білген оқиғаларын қағазға түсірсем» деген түпкі ой-арманының, қаламгер ретіндегі міндет-мақсатының мүлтіксіз орындалғанын тілге тиек етіп, одан ары қарай романның өткен күндер шындығын көркемдік тұрғыдан бейнелеуде өзіндік ұстаным-ерекшелігі барын, ел өмірінің айнасы, көркем шежіресі іспетті мәніне, деректік, тағлымдық жақтарына, тақырыптық-идеялық ерекшеліктеріне көңіл бөлген. «Бұл туындыда саяси-роман қасиеттері мол. Әр түрлі партиялар бағдарламаларын, түрлі қоғам қайраткерлері дүниетанымын, мақсат-міндеттерін, заман шындығын дәл беру үшін жазушы тарихи деректерді, газет-журнал материалдарын өзгеріссіз қалпында, цитата түрінде алып отырады. Ондай көркемдік тәсілдер шығармаға публицистика, журналистика элементтерін енгізген. Осындай жәйттер «Тар жол, тайғақ кешуді» тарихи-мемуарлық роман деуден гөрі, құжатты-саяси роман қатарына қосуға көбірек негіз береді», – деп романның жанрлық ерекшеліктері туралы ой қозғап, әлі де зерттеле беретін туынды ретінде бағалаған. «Тар жол, тайғақ кешудің» бастан кешкен қилы тағдыры, әр жыылдардағы басылымдарындағы қолдан жасалған киянаттарды, елеулі өзгерістерді жан-жақты зерттеп, кітап жазған Т. Кәкішұлы, К. Ахмет еңбектерін де ескеріп отыруды жөн санайды. Зерттеу мақалада әр кезеңдегі зерделеулердегі ұрпақ танымына сәйкес түрлі сипатта парықталатын романның ұлт әдебиеті тарихындағы өзіндік үлесі сараланып, әлеуметтік мән-маңызына тоқталады.

Қазақ қаламгерлері ұлт өмірінің қиын-қыстау кезеңін суреттейтін сүбелі туындыларына өткен ғасырдың алғашқы ширегіндегі дәуір дидагының көркем шындығын арқау еткен. Солардың бірі — алаш ұранды әдебиеттің көрнекті өкілі Мұхтар Әуезовтің «Қилы заман» туындысы. Заман кейпін, дәуір бастан кешкен дүрбелеңді естіп-біліп өскен Әуезовтің Қарқара өңіріндегі оқиғалар арқылы тұтас кезеңнің, заман шындығының бейнесін дәл, әрі шынайы көрсете білуі, сұрқия заманның бет-пердесін сыпырып, шын кейпін сомдауы, өмір шындығын өнер тілімен келісті суреттеуі, осының бәрі, айналып келгенде, жазушының суреткерлік шеберлігінің, алаштық идеяға

суарылған дүниетанымының нәтижесі екендігі анық. Кейіпкерлерінің ішкі әлеміне терең бойлау барысында қаламгер адам жаратылысының, түйсігінің небір қалтарысын қазып көрсете отырып, қилы заманның көркем шежіресін кейіпкерлерінің нанымды іс-әрекеті нәтижесінде көрінетін ішкі ой арпалысымен, жан толқынысымен қабат өреді. Автор өзі өмір сүрген дәуірдің шындығын шынайы бейнелеп, әділетсіз саясаттың құрбаны болған халқының отаршылдыққа қарсы күресін көркемдікпен бейнелейді. Ұлттың бостандығы, азаттығы үшін арпалысқан ерлердің ел еңсесін түсірмеу үшін қолдан келгенінше аянып қалмағаны суреттеледі. Ресей отаршыларының астарлы саясаты, қиянатқа толы әрекеті әшкереленеді.

Мұхтар Әуезовтің жазушылық қабілетін, азаматтық ұстанымын анық аңғартатын «Қилы заман» туындысының қилы тағдыры мен тарихы, романның көркемдік аясы, жазушы еңбегі, ондағы тұлға әлеуеті, кейіпкер болмысы жан-жақты қарастырылып келеді. Ер-азаматтардың тағдырын тасталқан қылған патша жарлығының халықтың қабырғасын қайыстырып, елдік мүдде, ұлт мұраты жолында серпілуіне себеп болғаны, азаттыққа ұмтылуына ұласқаны ұтымды, шынайы суреттелген. Тұтас кезеңнің зары мен мұңын қозғаған, аңсары мен мақсатын айқындаған «Қилы заманның» көркемдік өрісі, азатшыл идеясы, қаламгер ұстанымы мен көркемдік шешімі әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан, назарынан тыс қалмай, үнемі зерттеліп келе жатыр. Кеңестік кезеңнің идеологиялық ұстанымына сай келмейді деген желеумен оқуға тыйым салынып, қилы тағдырды бастан кешкен туындының рухани кеңістігімізді толтыруға сүбелі үлес болып қосылатынына күмәнсіз екеніне көзіміз жете түсті.

Қаламгердің «Қилы заман» романы арқылы шығармашылық мүмкіндігін жаңа бір қырынан танытып, қаламгерлік қуатының, суреткерлік шеберлігінің әлеуеті молдығын анық байқатты. Уақыт тынысын, дәуір келбетін заманының соққан желіне қарай жығылмай, шынайы бейнелеп, қоғамның қайшылықты тұстарын мейлінше ұтымды, мейлінше табиғи зерделеп, шоқтығы биік туынды бере алған қаламгердің алаш зиялыларының аманатына адалдық танытқанын сезіне түсеміз.

Алғашқы туындыларымен-ақ көркем әдебиеттегі өз орнын белгілеп берген, суреткер жазушы Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романы жарияланған шақтан бергі уақытта талай мақтау мен даттауға іліккені, сан қилы зерттеу мен зерделеулерді бастан кешіргені, бүгінгі ұрпақтың да өз пікірі, өз айтары бар екені ақиқат. Шығарманы бүгінгі күн тұрғысынан жаңаша бажайлап, қайта парықтаудан ұтпасақ, ұтылмайтынымыз анық. Р. Нұрғали «Алаштың бас шығармасы» деп аталатын зерттеуінде қазақтың бас жазушысы М. Әуезовтің қаламгерлік шеберлігінің бар болмыс-бітімімен көрінуінде «Абай жолының» маңызы орасан екеніне айрықша тоқталып, әлемдік әдебиет деңгейіне көтерілуінің себептерін таразылап көрсете келе, «Романда қаламгердің бұрынғы шығармаларындағы әуен-сарындар жалғасып, тереңдеп, байып, жаңа сападағы көркемдік ойлар, кемел бейнелер туған, қазақ тілінің адам психологиясын әлеуметтік қайшылықтарды ашып

берудегі орасан зор байлығы көрініп, жанрдың ең жоғары талаптарына жауап беретін мол мүмкіндіктер ашылған. Тарихи роман тудыру арқылы қазақ әдебиетінің деңгейін биік әлемдік дәрежеге көтеріп, жаңа эстетикалық игіліктерді дарытып, қаламгерлік ерлік жасады», – деп түйіндейді.

Жазушының алуан түрлі көркемдік тәсілдерді бар әлеуетімен пайдаланып, мүмкіндігін жарқырай көрсетіп, ерекше сипат дарытып, шығарма сюжетін қоюлатып берудегі автордың көп жылғы ізденісін, суреткерлік тереңдігін, авторлық ұстанымын, рухани әлемін терең барлап, «басты оқиғалар тізбекті сабақтастықта бірінен-бірі туып, өрістеп, тарамданып, асқынып, шорт сынып, тағы бастау алып, шығындап, қатарласа дамып, лаулап барып өшіп, қайта жанып, құбылып, өзгеріп, осы арнада ондаған, жүздеген, мыңдаған адамдар тағдыры шешіліп жатады: жас шынар гүл шашады, кәрі бәйтерек құлайды», – деп бағалайды.

Ұлтымыздың өткен өмірін, оның бойындағы сандаған мәнді қадір-қасиеттерін, адами құбылыстарын, өнери таланттарын, көшпелі мәдениетке тән сипат-белгілерін барынша бедерлеп, бар көркемдік бояуымен жарқырата бейнелеп берген бас кітапта «ерекше ықшамдылық, лаконизм, кемел көркемдік шарттар мен қаламгерлік қатал позицияның» бар екенін, мұқият сақталғанын аңғартып өтеді де, «негізінен, өмірде өткен адамдардың басында болған оқиғалардың жалпы сорабын сақтай отырып, жазушы көркемдік-логика, эстетикалық мұратты, реалистік шығарма жасау талап-шарттарын бірінші орынға қойған...», – деп қорытады өз ойын.

Зерттеулер жинағында автор роман жанрының кемелденуіне үлес қосқан С. Мұқановтың «Адасқандар», «Аққан жұлдыз», Ғ. Мүсреповтің «Қазақ солдаты», «Оянған өлке», Ғ. Мұстафиннің «Қарағанды», «Көзкөрген», І. Есенберлиннің «Алтын құс», «Махаббат мейрамы» т.б. көлемді прозалық туындыларға кеңінен тоқталып, оларды идеялық-эстетикалық сапасына, поэтикалық-жанрлық қасиеттеріне, тақырыптық өрісіне, мінез сомдау даралығына, ой ағымына, бейнелер жүйесіне т.с.с. мәселелерге жете көңіл бөліп, қаламгерлердің шығармашылық лабораториясынан да мол хабардар етеді оқырманын.

Сондай-ақ, зерттеуші-ғалымның көптеген прозалық туындылардың, соның ішінде «Ай қанатты арғымақ» атты романның авторы екенін, жүз жылдық тарихы бар қазақ романының таңдаулы жүз туындысының басын қосып, жинақы түрде ұсынуға өзі мұрындық болып, құрастырып, алғы сөзін даярлап, «Қазақтың 100 романы» деген атпен жариялағанын да ұмытпауымыз керек.

Сонымен академик, әдебиеттанушы ғалым, көрнекті қаламгер Рымғали Нұрғалидың алаш алыптары негізін қалаған, қазақтың қабырғалы қаламгерлері ұлт әдебиетінде жанр ретінде орнығып, кемелденуіне күш салған романның мәселелерін мейлінше терең игеріп-меңгергені, бұл тақырыпқа әрдайым оралып, өз пікір-пайымын білдіріп отырғаны шындық.



## МАЗМҰНЫ



<b>I тарау. ӘУЕЗОВТАНУ</b> .....	3
З-Ғ.Қ. Бисенғали, ф. ғ. д., профессор <i>Әуезовтанудың келелі мәселелері</i> .....	3
Б.Т., Борапш ф. ғ. д., профессор <i>Мұхтар Әуезов — шығыс әдебиетінің насихатшысы</i> .....	10
А.Ж. Жаксылықов, д. ф. н., профессор <i>О книге «Неизвестное в наследии Мухтара Ауэзова»</i> .....	16
А.А. Мамыт, ф. ғ. к. <i>Мұхтар Әуезовтің фольклорлық мұраларды зерттеу мақсаты</i> .....	22
З.Н. Сейтжанов, ф. ғ. д., профессор, А.А. Оспанова, PhD <i>Мұхтар Әуезов — гашиқтық жырды зерттеуші</i> .....	27
К.Қ. Садирова, ф. ғ. д. <i>Мұхтар Әуезовтің ғылыми тұжырымдары дискурсология аспектісінде («Қазақ ертегілері» зерттеуі негізінде)</i> .....	31
Н. Нұрпейісов, ф. ғ. к., доцент <i>«Қилы заманның» қилы тағдыры</i> .....	36
А. Мауленов, ф. ғ. к., доцент <i>Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романындағы мифтік архетиптің қайта жаңғыруы</i> .....	40
М.О. Мирон, ф. ғ. к., доцент <i>Мұхтар Әуезов пен Құдайберген Жұбанов ой-толғамдарының үндестігі</i> .....	46
М.Т. Шоинжанова, докторант <i>Мұхтар Әуезов шығармасындағы Үндістан бейнесі</i> .....	51
Р.Р. Жұмағалиева, магистр <i>Мұхтар Әуезовтің әдебиет тарихын зерттеудегі ғылыми тұжырымдары</i> .....	58
Ғ. Айтжан, магистрант <i>Қарақыпшақ Қобыланды</i> .....	62
<b>II тарау. ӘДЕБИЕТТАНУДЫҢ ӨЗЕКТІ МӘСЕЛЕЛЕРІ</b> .....	69
Ш. Шортанбаев, аға оқытушы, Ә. Салықбаева, мұғалім <i>XX ғасырдағы қазақ романының өзекті мәселелері</i> .....	69
Али Аббас Чинар, Е. Ғалымов, докторант <i>Абайтанудың қара нары</i> .....	74

A.S. Shukieva, Master student <i>Typology of Lyric-Epic Poems of Turkic Peoples</i> .....	78
A.Е. Айтбаева, доцент <i>Жылқы малына байланысты мақал-мәтелдердегі ұлттық дүниетаным</i> .....	84
Г. Ыбырайқызы, докторант <i>Оралхан Бөкейдің көркем очерктер мен әңгіме, повесть, роман жанры туындыларындағы сабақтастықтар</i> .....	89
М.М. Базарбаева, докторант <i>Билингв жазушылар шығармаларындағы әлем бейнесі</i> .....	95
К.А. Алтыбаева, магистрант <i>Экологический дискурс романа Роллана Сейсенбаева «Мертвые бродят в песках» в развитии</i> .....	101
М. Дайрабаева, магистрант <i>Айтыс өнеріне жаңа ғылыми көзқарас — аса өзекті мәселе</i> .....	105
А.Қ. Саргелтаева, магистрант <i>Әбдіжәміл Нұрпейісов романдарының проблематикасы</i> .....	110
А.К. Қалниязова, докторант <i>Жыраулар поэзиясының ұлттық мәнмәтін мазмұнындағы тілдік көрінісі</i> .....	113
А.Е. Сейтенова, магистрант <i>Шерхан Мұртаза прозасындағы психологизм</i> .....	118
Д. Кахарман, магистрант <i>Роль ретроспекции в романе Герольда Бельгера «Туюк су»</i> .....	124
Ә.Ә. Сайлау, магистрант <i>Ескендір образының Абай Құнанбайұлы поэмасында жасалу ерекшеліктері</i> .....	130
Г.Ж. Кенжебекова, аға оқытушы <i>Мақал-мәтел құрамындағы этнонимдер</i> .....	134
Р.С. Қобданова, магистрант <i>Сағи Жиенбаевтың туған дала туралы толғаныстары</i> .....	140
<b>ІІІ тарау. ӘДЕБИЕТТІ ОҚЫТУДЫҢ ӘДІСТЕМЕСІ</b> .....	146
А.Ш. Асқарова, ф. ф. к., доцент <i>Сыни мақалаларды әдебиет сабағында оқытудың тиімділігі</i> .....	146
Р. Башарова, мұғалім <i>Мұхтар Әуезов шығармаларын орта мектепте оқыту</i> .....	152

А. Наметова, мұғалім <i>Орта мектепте әдебиетті сын тұрғысынан оқытудың мәселелері</i> .....	157
А.Т. Байтемір, магистрант <i>Қазақ поэзиясындағы ұстаз бейнесінің тәрбиелік-эстетикалық мәні</i> .....	162
А. Садық, магистрант <i>Әдебиетті оқыту — әрі ғылыми, әрі шығармашылық құбылыс</i> .....	166

*Ғылыми басылым*

**МҰХТАР ӘУЕЗОВ ЖӘНЕ ӘЛЕМ ӘДЕБИЕТІ**  
Халықаралық ғылыми-теориялық конференция материалдары

Редакторлары:  
**Е. Карбозов,**  
**Н. Сағындық**

Басуға 23.11.2018 ж. қол қойылды. Формат 60x84 1/8  
Көлемі 10, 9 б.т. Таралымы 500 дана.  
Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің  
«Қазақ университеті» баспа үйі.  
Алматы қаласы, әл-Фараби даңғылы, 71.

«Қазақ университеті» баспа үйі баспаханасында басылды.

